



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Карагандинская область

1. Аханова Шырайлым	2
2. Ахметова Әсем.....	5
3. Бидолда Жайқал.....	9
4. Дүйсенбекова Нүргүл.....	12
5. Есенгабулов Жандос.....	16
6. Қаражанова Гүлайым.....	19
7. Кожахметов Ильяс.....	22
8. Нақышева Камила	24
9. Танирбергенова Аружан	27
10. Тасмұратова Томирис	30
11. Уалиева Гүлшарбан	32
12. Шапибай Назерке	35
13. Шрейдер Яна.....	38

Аханова Шырайлым
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Жезқазған қаласы , Қарағанды облысы
Жетекшісі : Есенгабулова Гульнар Омарбековна

Тәуелсіздікке үлес қосқан жерлестер

Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, сананы талай ой

тұңғыығына батырып, көкейге талай сұрақтың келетіні рас. Мысалы, "Біз кімбіз?", "Жұмыр жер бетінде қашан пайда болдық?", "Қай жерді мекен еттік?", "Тіліміз, мәдениетіміздің деңгейі қандай?".

Біз Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекен еткен сақтан қалған сарқыты, ғұннан қалған жұрнағы, үйсіннің жүріп өткен ізіміз. Біз қазақпыз!

Тарихымның тереңіне үңілетін болсам, тәуелсіздік бізге оңай жолмен келген жоқ. Себебі тарихымыз бізге ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен келген үлкен жетістік болды. Тәуелсіздік тек бізге 1991-жылғы оқиғалар әсерінен емес, бұрын соңды болған азаттық күрестерден басталған болатын. Соның бірең-саранына тоқталар болсам: мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл — тарих және тәуелсіздік жолындағы күрес «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын. Бұрынғы ата-бабаларымыз бізге соғысып, жауға төтеп беру арқылы өз көмектерін тигізген болса, біз жас ұрпақ осы тәуелсіздікке өзіміздің үлесімізді, жетістігімізді қоса аламыз. Мен Жезқазған қаласының тумасы ретінде еліміздің алдыңғы қатарлы ел болуына үлес қосқан кісі жайында атап айтқым келіп отыр.

Игнатий Ли 1923 жылдың 10 тамызында Приморье өлкесінің Хасан ауданына қарасты Кедровая Падь ауылында дүниеге келген. 1937 жылдың күзінде небәрі 14 жасар өрен тағдырдың тауқыметімен ата-анасымен бірге Қазақстанға жер аударылып, Талдықорған облысының Үштөбе ауылына қоныс тепті. Қ. Сәтбаев атындағы Тау-кен металлургиялық институтын бітіргеннен кейін жетекшілерінің кеңесімен Игнатий Ли еңбек жолын Үлкен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жезқазған жұмысшылар ауылында орналасқан тәжірибелік гидрометаллургиялық зауытында бастау туралы шешім қабылдайды. Сөйтіп, 1947 жылы жас маман алдағы өміріне арқау болған Жезқазған қаласына келді. Осы жылдары өзінің жұмыстық жетістіктерін Жезқазған аймағында бастайды. Игнатий Ли еңбек жолын Қарсақпай мыс комбинатының техникалық бөлімі инженері қызметінен бастап, кейін тәжірибелік гидрометаллургиялық зауытқа ауысады. Әуелгіде өндірістік-

техникалық бөлім бастығы болған білікті маман 1951 жылы зауыт директоры болып тағайындалады. 1958 жылы Игнатий Ли Жазқазған тау-кен металлургиялық комбинатының өндірістік-техникалық бөліміне жетекшілік етті. Ол он жылдай сол өңірдегі ең ауқымды жобаның құрылысына дайындық жұмыстарымен айналысты. 1966 жылдың наурыз айында Жезқазғанда әлемдегі ең ірі мыс қорыту зауыттарының бірінің құрылысы басталды. Ал 1968 жылдың 1 қаңтарында ол салынып жатқан жаңа зауыттың директоры болып тағайындалды. Зауыт құрылысы алға басып, жұмыс жандана бастаған тұста Игнатий Евгеньевич кадр жасақтау мәселесімен айналысып, талай жас маманға бағыт-бағдар көрсетіп, жолбасшы болды.

1971 жылдың 23 ақпанында зауытта алғашқы катодты мыс алынған болатын. Ал Жазқазған мыс зауыты кешенінің құрылысы 1979 жылы толықтай аяқталды. Сол кезеңде Жезқазған мыс қорыту зауыты техникалық-экономикалық көрсеткіші жағынан, механикаландыру және автоматтандыру жағынан Кеңес Одағында алдыңғы қатарда болды. Игнатий Ли бастаған мамандар тобы зауытқа үлкен экономикалық пайдасы бар жүзге жуық жаңа элемент енгізді. Жиырма жыл бойы еліміздің түрлі-түсті металлургия саласының дамуына сүбелі үлес қосқан ЖМЗ-ның алғашқы директоры бірқатар мемлекеттік наградалармен марапатталды: екі мәрте Еңбек Қызыл ту орденін, оған қоса «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін және ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алған. Екі дүркін ССР Министерлер Кеңесінің Сыйлығының лауреаты және ҚазССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты болып, Қазақстанның Еңбек сіңірген металлургі атанды. Бұған қоса Игнатий Евгеньевич Жезқазғандағы Корей ұлттық-мәдени орталығын құруға мұрындық болған. Ірі өндірістің ұдайы басы-қасында жүрген ол адамдардың хал-ахуалын, әлеуметтік жағдайын да естен шығармайтын.

1988 жылдың наурыз айында зейнеткерлікке шықса да, Игнатий Ли өндірістен қол үзген жоқ. Тәжірибелі металлург 1995 жылдың шілде айында қайта құрылған «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-не Басқарма төрағасының Металлургия бойынша кеңесшісі болып тағайындалды және 2013 жылдың 1

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қыркүйегіне дейін осы лауазымда еңбек етті. 2013 жылдың желтоқсан айында Игнатий Евгеньевич Ли «Құрмет» орденімен марапатталды. Өмірін металлургиямен байланыстырған Игнатий Евгеньевич Лидің өмір жолында ұстанған өзіндік қағидалары да бар еді. Ешкімді күндемеу, кек сақтамау, ұқыптылық – ардықты азамат өмірінің құндылықтары болатын.

Жезқазған мыс зауытының іргетасын қалауға атсалысып, елімізде түрлі-түсті металлургияның дамуына елеулі үлес қосып, теңдессіз еңбек сіңірген Қазақстан Республикасының Құрметті металлургі Игнатий Евгеньевич Лидің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Қолына найза алып күреспесе де Қазақстанның дамуына елдің дамуына үлес қосқан біртуар азаматымыздың болғанына мен қуанамын және мақтан тұтамын.

Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз- тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат- қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу. Тектілердің тұяғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз- тыныштықта, Отанымыз еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Астана- шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш. Түндеріміз- бейбіт. Күндеріміз нұрлы. Колледж студентінің қолынан не келеді деп ойлауларыңыз да мүмкін. Теледидарда Елбасы Нұрсұлтан атамыз айтқандай, елдің болашағының көркейіп, гүлденіп одан әрі дамып, өркендеуі біздің қолымызда. Яғни болашақтың жастары мына біздер, бүгінгі бүлдіршіндер мен жас ұрпақтар. Елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім алып, тәлімді тәрбиелі болуымыз қажет. Әрбір адам өз алдына мақсат қояды. Менің де өзімнің алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар. Колледжден жақсы білім алып одан әрі білімімді жалғастырып, елім үшін еңбек ету. Қазақта «бақыт» деген ұғым бар. Мен бақыт дегенді былай түсінемін. Ол - сенің тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Бақыттың кіндігі- Отан. Елімнің көркейіп, гүлденуіне өз үлесімді қосып тәуелсіз елім үшін, отаным үшін, елімнің тыныштығы мен сәбилердің күлкісі үшін, бар өмірімді күш - қуатымды жұмсап жұмыс жасасам. Еліме пайдамды тигізіп, халқым үшін еңбек етсем менде одан артық бақыт болмас еді. Аға- апаларымыздың қиындықпен өздерінің жас өмірлерін қиып алып берген тәуелсіздіктің туын, біздер әрдайым биік ұстауымыз керек, әрдайым биік ұстаймыз да дегім келеді.

Ахметова Әсем

Жезқазған гуманитарлық колледжі

Жезқазған қаласы , Қарағанды облысы

Жетекшісі : Есенгабулова Гульнар Омарбековна

Өнегелі өмірдің өрнекті іздері

Біздің арамызда жаны жайсаң, жүрегі кең адамдар көп. Мұндай жандар өз бойындағы ізгі қасиеттері арқылы жан – жағына ерекше әсер етіп, төңірегіне жақсылық нұрын сеуіп тұрғандай күйге бөлейді. Сондықтан да мұндай жанның әр ісіне, мінез құлқына маңайындағылар еліктегісі келіп тұрады. Осындай өнеге тұтарлық, жүрегінде жылуы мол, көңілі көктем жанның бірі - Жұмакүл Әбдіқадырқызы.

Адам өмірінің арашашысы, елге тигізетін шарапаты мен шапағаты мол кәсіпкерлі мамандық иесі – ақ халатты дәрігер атануды Жұмакүл Әбдіқадырқызы мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ ерекше ұнатып, іштей арман ететін. Жүрек қалауы жанына маза бермеген жас қыз ауылдық мектепті үздік бітірді. Бірақ, ол кезде өндірістік өтіл қажет дегенді алға тартып, мектеп бітірушілердің құжатын бірден жоғары оқу орнына қабылдай қоймайтын үйреншікті үрдіс жиі қайталанып жататын. Кеңес дәуірінің осындай талабымен Жұмакүл де мектеп бітірген жылы өзі туып – өскен Жезқазған кентіндегі кен басқармасының бір бөлімшесінде экспедитор болып еңбек етті.

Тек бір жылдан кейін ғана, яғни, 1968 жылдың жазында Қазақтың мемлекеттік медицина институтына оқуға түсуге мүмкіндік алды. Жас шағындағы арманы жүзеге асып, осы институттың педиатрия факультетін 1974 жылы бітіріп шықты.

Дәрігерлік алғашқы еңбек жолын Жезқазған қалалық №2 балалар ауруханасында дәрігер-педиатр болудан бастаған жас маман осы ұжымда 5 жыл бойы бүлдіршіндердің денсаулығын нығайтуға білімі мен күш – жігерін жұмсады. Қолынан іс келетіндігін, жауапкершілікті жоғары сезінетіндігін көрсете білді. Соның нәтижесі де болар, 1979 жылы ол Жезқазған облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бас дәрігер – педиатры қызметіне жоғарылатылады.

Іскерлік қабілет – қарым денсаулық күзетіндегі қиын істерде ғана емес, елмен, жұртпен тығыз байланыс жасайтын қоғамдық жұмыстарда да шыңдала түседі екен. Мұны Жұмакүл Әбдіқадырқызы өз басынан талай

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

кешірді. Бұған білікті дәрігердің өткен ғасырдың сексенінші жылдардың ішінде қатарынан екі мәрте облыстық кеңестің депутаты болып сайланып, халық қалаулысы ретінде кенді аймақтың өмірлік маңызы бар, күрмеуі қиын мәселелерін шешуге аянбай атсалысқандығын айтсақ та жеткілікті. Оның үстіне облыстық кеңестің денсаулық сақтау жөніндегі комиссиясы мен облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы қызметін бір мезгілде қоса атқарған Жұмакүл Қалмағамбетова жанына жақын медицина саласының түйінді мәселелерін шешуге ұдайы күш салды. Өткен күнде белгі көп. Сол бір жылдары ол қалада пайдалануға берілген жаңа балалар ауруханасының, бір жасқа дейінгі балалар тамақтану және сүт тарату тіректерінің ашылуына, Жәйрем кентінде жаңа емхананың салынуына өзінің ықпал, көмегін молынан тигізді.

Уақыт көші ілгерілеген сайын білікті, парасатты кісінің көтеретін жүгі де ауырлай түседі. Бұл сірә, жауапкершілікке байланысты шығар. Халық ісіне қажып, жауапты міндеттен жалтарып көрмегендер ғана қоғамға да, адамға да пайдалы іс жасайды. Жұмакүл Әбдіқадырқызы – міне, осы бағытты берік ұстағандардың бірі. 1983 жылы ол Жезқазған медицина қызметкерлері кәсіподағы комитетінің хатшысы, 1985 жылы оның төрағасы болып сайланды.

Бала десе, ішкен асын жерге қоятын дәрігерлік және аналық асыл қасиеттің құдыреті шығар, Ж.Қалмағамбетова 1987 жылы балалар емханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалып, осы қызметті 1996 жылға дейін абыроймен атқарды. Осы аралықта білікті басшы балалар емханасын сүт тарату пунктімен, 25 орындық күндізгі бөлімшемен, учаскелік және арнайы қызметпен қамтамасыз ете білді. Бас дәрігер озық әдіс пен жаңашылдықты да осы салаға кеңінен енгізді. Атап айтқанда, бронхиалды демікпемен ауыратын балаларды воронеждік әдіс бойынша емдеу жұмысын жолға қойды. Күндізгі стационарда денсаулықты қайта қалпына келтіру орталығын ұйымдастырды. Балалар емханасында жаңа шаруашылық механизмі бойынша жұмыс жасау үрдісін қалыптастырды.

Жұмакүл Әбдіқадырқызының осындай ізденісті еңбектері кезінде ескерусіз қалмайды. «Еңбегі бардың жанбағы бар» дегендей, білікті дәрігер 1985 жылы «КСРО-ның Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына ие болды. Республика Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хаты, облыстық, қалалық денсаулық сақтау бөлімдері тарапынан әр жылдары алған марапаттары да – бір төбе.

Өмір бір орнында тұрмайды. Үнемі өзгерістер кезеңіне толы. 1996 жылдың қараша айында Жезқазған қаласында тұңғыш рет медицинаның бір

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жаңалығы – профилактикалық – кеңес беру орталығы ашылып, оның бас дәрігерлігіне Жұмакүл Әбдіқадырқызы тағайындалды. Бір жылдан кейін осы орталықтың базасынан «Қаратал» өндірістік кооперативті жеке шаңырақ құрды. Осы емдеу орнының аяғынан тік тұрып кетуіне білікті дәрігер, беделді басшы Ж.Қалмағамбетованың сіңірген еңбегі де тым ерекше.

Бұрынғы іскер, тәжірибелі кадрларды сақтап қалуға басшы айрықша көңіл бөліп, оларға қолдан келген қамқорлығын жасады. Осы мерзімде емханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оның ішкі, сыртқы пішінін жаңартуға баса назар аударылады. Емхананы осы заманғы озық медициналық жабдықтармен жабдықтау ісі де жолға қойылды. Атап айтқанда, науқас адамдардың қаны мен зәрін зерттейтін жедел диагностикалық жабдығы, Жапон фирмасының «Алока-500» УЗИ аппараты, жүйке ауруын емдейтін «ЭХО энцефалогграфы», көз жанарын тексеріп, емдейтін «Мединтех» аппараты сатып алынды.

«Қараталдағы» дәрігерлер ұжымы қажетті дайындық курстарынан өткен, жоғары дәрежедегі мамандардың басын құрайды. Емханада тәртіп пен реттілік мәселесі жолға қойылған. Ұжым мемлекеттік тапсырыспен жұмыс жасауға машықтанған, жергілікті бюджеттен қаржылану олардың терең тыныс алуына, қажырлы жұмыс жасауына қолайлы жағдай туғызған.

Мұның бәрі өздігінен бола қойған жоқ. Ұжым басшысы, білікті маман Қалмағамбетова Жұмакүл Әбдіқадырқызының ізденіске толы тынымсыз еңбегі, халық денсаулығын нығайтуға деген шын жанашырлығы арқасында «Қаратал» ОБ-і өркенді іс, өрісті бастамалардың жанды орталығына айналып отыр.

Жұмакүл Әбдіқадырқызы бір әңгімесінде өзін ұлытаулық қырғи тілді ақиық ақын Тайжан Қалмағамбетовтің ұрпағы екендігін зор мақтаныш ететіндігін жасырған жоқ. Несі бар, оның өнегелі өмірінде өрнекті іздердің көп болуы тереңде жатқан осы тектілігінің әсері де шығар.

Мен Жезқазғазған қаласында, яғни, біздің жерлестеріміздің арасында Жұмакүл апай секілді жандар көп болса екен деймін. Ол кісіні мен үлгі тұтамын.

«Өзі жақсы кісіге қай жерде де екі кісілік орын бар» деп қазағым бекер айтпаса керек. Адамдармен аса сыпайы сөйлесіп, жібектей мінезімен есіліп тұратын Жұмакүл апай бойындағы тамаша қасиет оны биіктен биікке көтере түсіп келе жатқандығы жезқазғандықтарға аян. Табиғат берген осындай бай мінездің үстіне оның білімдарлығы, еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық үлкен қасиеті келіп қосылғанда парасатты келбетінің тіпті тұлғаланып сала

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

беретіндігін байқауға болады. Ерен еңбегінің арқасында ұжым құрметіне ие
Жұмакүл Әбдіқадырқызы қашанда игі істердің ұйытқысы бола білуде.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бидолда Жайқал

10 сынып, №12 ЖББМ, Шахан кенті,

Қарағанды облысы

Жетекші: Жекейбеков Қанағат Тілеуқабылұлы

Мен қазақтың. Тәуелсіз де бейбіт елде өмір сүремін. Бүгінгі таңда біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 25 жыл толды. Тәуелсіздік алғанға дейін де, одан кейінгі кезеңдерде де, талай қиямет – қайым күндерді, талай қилы замандарды, кескілескен шапқыншылықтарды да бастан өткерді бүгінгі тәуелсіз қазақ елі. Ақтық демі қалғанша туған жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің арқасында бақытты өмір сүрудеміз. Тәуелсіздік бізге оңай келмегені анық. Тамыры терең тартқан тарих беттеріне үңілер болсақ, орыс отаршылдығы кезіндегі Исатай мен Махамбет, Кенесары, Амангелді бастаған ірі көтерілістер мен ұлт-азаттық күрестер, Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы сынды зиялы азаматтардың рухани күресі, Ұлы Отан соғысының батыр ұл- қыздары Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Әлия мен Мәншүк ерліктері, Желтоқсанның ызғарында намысты ту етіп көтерген қазақ жастары Сәбира, Қайрат батырлығы, «тар жол тайғақ кешуді» басынан өткерген қазақ халқының тарихында өшпестей жазылған. Тарихтың өзі дәлелдегендей, кез келген өз азаттығы жоландағы халықтардың көтерілісі жеңіске жетіп отырған. Қаймана қазақ халқына да Алланың мейірімі түсіп, 1991 жылы 16 желтоқсанда егеменді ел болдық, еңсе көтердік. Содан бергі 25 жылдың ішінде небір жетістіктерге жетіп, алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем құрметтейтін дәрежені Алла нәсіп етті. Еңсеміз биіктеп, рухымыз шалқи түсті.

Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақ елінің биік тұғырға көтерілуіне үлкен үлес қосты. Әнұранымыз асқақтай шырқалып, ана тіліміз жанданып, дініміз оралды, Еуразия жүрегінде бас қаламыз, Астанамыз бой көтерді. Осының бәрі елбасымыздың салиқалы саясатының арқасы. Елбасымыз бір сөзінде: «Тәуелсіздік Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгі – рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген болатын. Қазіргі таңда дәл осы жылы осы рәміздерімізге басқа жылдардан ерекше көңіл аударылуда. Елбасымыздың бастамасымен «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының арқасында көп оқушылардың бойында патриоттық сезімдерік күшейді. Әрбір жүрегі «қазақ» деп соғатын адам ең бірінші рәміздерді, олардың авторларын жатқа білуге міндетті екенін түсінді, ұлағатты ұстаздарымыз бізге түсіндіре білді. Осы күнге дейін біз Тәуелсіздіктің қандай ауыртпашылдықтар арқылы келгенін білсек те, оны

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жіті түсіне бермеппіз. Бірақ, мектебімізде, жалпы Қазақстан бойынша жүргізіліп жатқан іс – шаралардың арқасында ұғындық.

«Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ» дейді Мағжан Жұмабаев. Ендеше Тәуелсіздікті ту ете отырып, тілімізді туралы да бір ауыз айтпай өте алмаймыз. Шынымен, егер біздің ана тіліміз болмаса біздің кім болғанымыз? Тәуелсіздік алған сәттен бастап тіліміз дамуда. Осы 25 жыл ішінде тіл мәселесі талай мінбелерде сөз болып, тіпті, бір жылдары шешілмес мәселе болған еді. Бірақ, қазіргі таңда қазақ тілінің мәртебесі біршама саты жоғарылағанын бірден байқауға болады. Ол ,әрине, нағыз патриот, ана тілінің маңызын түсінетін қазіргі ұлтшыл азаматтарымыздың арқасы. Елбасымыз да әр жолдауында тіл мәселесі сөз қозғап отырады. Жалпы, 25 жылда тіліміз, дініміз, рухани сана-сезіміміз, салт – дәстүріміз барлығы біртіндеп қалпына келді. Еліміздің атын әлемдік додаларда танытып жүрген спортшыларымыз бен әртістеріміздің де еңбегі көп. Боксшы, олимпиада чемпионы Серік Сәпиев, зілтемірші,олимпиаданың күміс жүлдегері Жазира Жаппарқұл, дзюдошы, олимпиаданың күміс жүлдегері Елдос Сметов және әлемге қазақ елінің атын шығарып жүрген әртістердің қатарына «Тюкрвижн – 2014» байқауының жеңімпазы Жанар Дұғалованы жатқызуға болады. Әрбір Қазақ елінің азаматы, тәуелсіз ел болуына өз үлестерін қосты.

Қазақ елі - 25 жасқа толған жас мемлекет. Болашақта бұдан да ірі жобалар қолға алынып, еліміз одан әрі көркейеді. 25 жылда ірі мемлекеттердің бірі болсақ, 50 жыл толғанда ірі мемлекеттердің алды боламыз. Дүние есігін ашқан сәттен бастап еркін өсіп, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақпын. Ата-анамның, достарымының жүзінен еркіндік пен қуаныш іздерін көргенде өзімнің бақытты екенімді сезіне түсем. Еліміздің бейбітшілігінің арқасында күліп – ойнап, еркін білім алып жатқан тәуелсіз елдің ұланының бірімін. Елбасымыз: «Алдымызда асу- асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзі керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» деп айтқандай, біз өскелең ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, бізге сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгін мектеп оқушысы болсақ, ертеңгі патриотпыз. Еліміздің іргетасы мықты қаланды, соны ұстап қалу біздің қолымызда.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанаты,
Мен жастарға сенемін,

- деп Мағжан Жұмабаев ағамыз да бізге үлкен сенім артты емес пе? Арыстандай, жолбарыстай, қырандай жастардың бірі менмін. Мен елімнің

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

тәуелсіз мемлекет болып қалып, тілін, дінін ешқашан жоғалпайтынына сенемін. Себебі, мен секілді миллиондаған патриот бар. Мен тәуелсіз елдің патриотымын! Мен ХХІ ғасырдың ұланы, тәуелсіз Қазақстан азаматымын. Өз Тәуелсіз еліммен, жеріммен мақтанамын.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Дүйсенбекова Нүргүл
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Жезқазған қаласы , Қарағанды облысы
Жетекшісі : Есенгабулова Гулнар Омарбековна

Тұнып тұрған ұлағат

Тәуелсіздікті ойлағанда КСРО көзге елестейді.

Уақыт Елбасымыз ұстанған бағыттың дұрыс екенін дәлелдеп берді. Қазақстан санаулы жылдардың ішінде дүние жүзіне танымал әлеуетті елге айналды. Біз ТМД және Азия елдері арасында бірінші болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына жетекшілік еттік. Осы беделді ұйымның Астанада өткен Саммиті де ел тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі.

Ең бастысы - халқымыздың замана көшінде артта қалып қоймай, нық сеніммен алға басып келе жатқанымызға сеніміміз мол. Елімізді алдағы уақыттарда да тәуелсіздік тұғырымызды нығайта түсер үлкен істер күтіп тұр. Осы жолда халық болып сенім артқан салиқалы да сындарды басшылығымен алға баса беретіндігімізге күмәніміз жоқ. Бағытымыз айқын. Елбасы мұны биылғы “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” атты Жолдауындағы қуатты, жарқын бағдарламасымен де дәлелдеп отыр. Біз нық қадаммен, еңсемізді тік ұстап, Тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдық абыройлы белесіне көтеріліп келеміз.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні дегенде, бүкіл қазақстандықтардың, оның ішінде, әсіресе, жамбылдықтардың есіне сонау бодандықтан бостандыққа ұмтылған жастар дүмпуі кезінде тергеу мен түрме азабын тартқан және сол “ер етігімен су кешкен” алмағайып уақытта қайтпас қайсарлығымен тәуелсіздіктің қымбаттығы туралы бүгінгі ұрпаққа өшпес үлгі қалдырған “Халық Қаһарманы” Қайрат Рысқұлбеков оралады.

Тәуелсіздік мерекесі- бүкіл қазақ халқы үшін, барша қазақстандықтар үшін ерекше мереке. Өйткені, ол мемлекетіміздің өз саясатын дербес, өз еркімен жүргізуге қабілеттілігінің мерекесі.

Осынау жиырма бес жылдың ішінде ең алғаш тұңғыш рет ең биік мәртебелі мінберден барша әлемді таңырқатып, тандантып, таңқалдырып- Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялайды,- деп бұлт арасынан жарып шыққан жарық күндей жарқ етіп, көк жүзінде еркін қалқып қанатын құлаштай жазып қалықтаған хас қыранның үніндей саңқ етіп бар әлемге жар салған сәттегі қуанышты, шаттықты, бақытты сөзбен айтып жеткізетін жан бар ма екен, сірә да.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ата-бабамыз азат боламыз, бостан боламыз, тәуелсіз елдің туын көтереміз деп қаншама армандады.

Тәуелсіздік! Осы бір киелі де, қасиетті сөздің құдіретін де, күшін де бұрын-соңды дәл бүгінгідей желтоқсанның сол жылғы 16 жұлдызындағыдай түсініп, түйсініп, танып біле бермеген екенмін. Тәуелсіз болуыңды тамырыңдағы түйдек-түйдегімен тоқтаусыз жүйткіген қанмен, жұлқына жұмылып, бұрала бұлқынған, алға қарай ұмтылған жұдырықтай жүрегіңмен сезінудің өзі оны он рет, жүз рет, тіпті, мың, миллион сан саңқылдай айтқанын тоқтамай қайта-қайта қайталай бергеннен, әлдеқайда артық, әлдеқайда маңызды да мәнді, бағалы да байыпты, салиқалы да салмақты екеніне көз жетіп, көңіл төріне қондырғалы да сол жылдың сол күнінен бері санаған жанға жиырма бес жыл зу-зу етіп, сырғып жетіп, желдей есіп жетіп келе қалыпты. Иә, иә. Артық-кемі жоқ, тұп-тура жиырма бес жыл.

Ұлытау ауданының және Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов биыл 75 жасқа толды. Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағатында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі “Құрмет белгісі” ордені мен “Шапағат” медалінің иегері, Ұлытау ауданы және Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Үсенұлы Қожамсейітовтың №650 жеке тектік қоры бар. Сол қордың ішін ашып қарасақ, оның құндылығы мен қомақтылығын көруге болады. Өңіріміздің тарихына байланысты деректерді және өзінің жеке құжаттарына немқұрайлы қарамай тиянақтап мұрағат қорына өткізіп жүрген адамдардың бірі- осы кісі. Сағындық Үсенұлының жеке құжаттарында өмірбаянынан бастап, шығармашылыққа қатысты құжаттары, жеке құжаттары, хат алмасулары, фотоқұжаттары, қор иесі туралы жазылған беделді де, атақты азаматтардың құжаттары сақталған. “Қазақ елінің кіндік мекені- Жезқазған” атты кітабынан Жезқазған өңірінің тарихын терең тануға болады. Өңіріміздің зерттелу тарихын С. Үсенұлы сонау өткен ғасырдың басынан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі Ұлытау, Жезді, Қарсақбай, Жезқазған аймағының ауа райын, су қорларың, су қоймаларың, жер бедері мен топырағың, өсімдіктер дүниесің, жануарлар дүниесің, пайдалы қазбаларың, табиғатың, тарихи және мәдени ескерткіштерін біздің санамызда қайта жаңғыртуға, ұлттық рух пен намысты оятуға, аймаққа байланысты қажетті мәліметтерді алуға мүмкіндік берген. Ол кітап Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағатының кітапханасында сақтаулы.

Сағындық Қожамсейітов 1941 жылы 15 наурызда Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Аманкелді ауылдық округінің Қорғантас ауылында дүниеге келген. Әкесі Үсен Оразалин ауылдық кеңес қызметкері болған, анасы Шәрбек Қожамсейітова үй шаруашылығымен шұғылданған.

Сағындық Үсенұлы 4-сынып бітірген соң үш жыл жазда шөп дайындауда, егін жинауда сырғышы, орақшы болып жұмыс істеді. 6-сынып бітірген соң комбайнерге көмекші болған. 1957 жылы 9-сынып бітірген

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жылы Ұлытау аудандық “Большевик туы” бұрынғы “Сталин туы” газетіне жауапты хатшылыққа шақырылады.

С. Үсенұлы 1966 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика мамандығын бітірген, 1974 жылы осы мамандық бойынша Алматы екі жылдық Жоғары партия мектебінде оқып, оны үздік бағамен бітірген. 1955 жылы Бүкілодақтық Лениншіл жас коммунистік жастар одағының, 1961 жылы Кеңес одағы коммунистік партияның мүшелігіне өтіп, партия қатарында таратылғанша болды. 2002 жылдан бері “Нұр Отан” халық демократиялық партиясының мүшесі. Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов еңбек жолын Аманкелді атындағы колхозда қарапайым жұмысшыдан бастаған. 1960 жылы мамырда КСРО Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды. 1961 жылы қвзвнда Ұлытау аудандық қомсомол комитетінің екінші хатшылығына, 1962 жфлф қыркүйекте Аманкелді атындағы совхоздың партия комитетінің хатшылығына сайланады.

1964 жылы қыркүйекте Жезді селолық өндірістік парткомының нұсқаушысы, осы жылы қарашада “Октябрь туы” газетінің редакторының орынбасары болып бекітілді. 1965 жылдың наурызынан 1967 жылдың қарашасына дейін Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің Жезқазған қаласы және Жезді ауданы бойынша меншікті тілшісі қызметін атқарады. 1974 жылы шілдеде Қазақстан компартиясы Никольский қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1975 жылы қазанда Қазақстан Компартиясы Жезқазған облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1980 жылы қыркүйектен бөлім меңгерушісі болып істеген. 1989 жылы халық депутаттары облыстық кеңесінің сессиясы өтіп, Сағындық Үсенұлы Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. Бұл міндетті ол кеңестер өкіметінің және атқарушы биліктің негізгі формасы ретінде таратылғанша атқарды. 1992 жылдың ақпанынан Жезқазған облыстық кәсіптік-техникалық білім басқармасының, 1995 жылғы қаңтардан облыстық тілдер басқармасының, 1996 жылғы маусымнан облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы болып қызмет атқарған. 1997 жылы мамырда Жезқазған облысы таратылғаннан кейін әуелі Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты Жезқазған қалалық филиалының, кейін Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағатының директоры болып 2009 жылдың қыркүйегіне дейін жұмыс істеді.

Еңбегі еленіп, “ҚР “Шапағат” медалің “ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл”, “Тың және тыңайған жерлерді игергенге-50 жыл” мерекелік медальдармен марапатталған. Кеңес өкіметі кезінде “Құрмет белгісі” орденімен, “Ерлік еңбегі үшін”, “В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне”, “Еңбек

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ардагері” медальдарын алған. “Нұр Отан” партиясы Жезқазған қалалық бөлімшесі саяси кеңесінің мүшесі.

С.Қожамсейітов Отырар- Ұлытау, Кіші Жібек жолы бойынша тарихи-этнографиялық экспедициясын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін басқарды. Ақын-жыраулар Шортанбай Қанайұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Шашубай Қошқарбайұлы, күйші Сайдалы Сары Тоқа шығармаларын халыққа қайта оралтып, рухымен тілдесуге бастамашы болған. Ұлытау ауданындағы Білеуті- Бұланты өзені маңында қазақтардың жоңғар басқыншыларымен болған соғысын есте қалдыру үшін оның басшылығымен ғылыми-этнографиялық экспедиция ұйымдастырылды.

Қазақ мемлекетінің Тәуелсіздігі, замандастарымыздың рухани байлығы және парасаттылығы, отансүйгіштігі, жер қасиеті С. Қожамсейітовтың кітаптарының, телерадиохабарларының негізгі тақырыбы деуге болады. Қаламынан шыққан “Қарашаңырақ Қарсақбай”, “Еліміздің кіндік мекені- Жезқазған”, “Ел ұраны- Ұлытау”, “Намыстан жаралған халықпыз”, К.Жолдыбай екеуі бірігіп, шығарған “Мұратымыз жер, ниет, ар тазалығы”, т.б кітаптары бар. Республикалық, облыстық және қалалық газеттерде, телеарналарда бүгінгі күн тақырыбына мақалалармен, телехабарлармен жиі шығып тұрады.

Сағындық Үсенұлы еңбегін елеп, ақсақалымызды құрметтеп, өнегесін көрген ізбасар інілерінің жүрекжарды естеліктері бар “Бардың бағасы” атты жинақ кітабы шықты. Бұл кітапты құрастырушы редактор Жезқазған қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры, ақын Бағдат Тілеуұлы Байжантаев. Осы еңбектегі он сегіз естелікті оқыған адам С. Үсенұлының мінез-кұлқың, зеректігің, кішіпейілділігін, ой-өрісінің кеңдігің, білімділігің, тағы да басқа жақсы адамға тән қасиеттерін көре алады.

Сан ғасырлар бойы небір қасіретті бастан кешсе де, ақын Ж.Молдағалиев жырлағандай, мың өліп, мың тірілсе де мойымаған қазақ халқы ұрпағының бас бостандығы, тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті. Осы жолда ұлтымыздың аяулы тұлғалары, қайтпас қайсар батырлары жанын қиды. Әрине, олар бұл күнге жете алмаса да, өздерінің күрескерлік рухын, асқақ арманын болашақ ұрпақ жүрегіне жалғап, алғы күнге үміт артты. Міне, сол ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы көксеген арманына, аяулы мұратына XX ғасырдың соңына қарай қолымыз жетті десек, сол ақ түйенің қарны жарылған ақжарылқап арманның жүзеге асқанына да бүгінде 25 жыл толып отыр. 25 жыл- тарих үшін қас-қағымдай ғана уақыт болғанымен, тәуелсіз Қазақ елі үшін ғасырдың жүгін арқалаған кезең болды. Иә, небәрі 25 жыл ішінде қазақ халқы бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген жетістіктерге жетті. Әрине, оның бәрі бізге оп-оңай келе салған жоқ. Тарихтың таңғажайып сыйы - Тәуелсіздікті баянды етуді басты мақсат санаған қазақстандықтардың еңбегінің, маңдай терінің арқасында ерен қиындық еңсерілді.

Есенгабулов Жандос

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі

Жетекшісі : Абылбаева Баян Алтынбековна

Дәрігерлер отбасы

Біздің айналамызда кісілік келбетімен, адамгершілік асыл қасиеттерімен танылып, замандастарының ілтипатына ілігіп жүрген жандар баршылық. Солардың бірі - Тыныштық Аяпбергенұлы Бексейітов. Сабырлы, салиқалы қалпынан тынбайтын Тыныштық Аяпбергенұлы туралы әңгіме қозғағанда қатар жүрген құрбы-құрдастары, жолдастары әсіресе, оның үлкенге іні, кішіге аға болып, қамқорлық жасаудан шаршамайтын қолынан келгенінше төңірендегі адамдарға жәрдем жасауға ұмтылып тұратын, елгезек мінезін ерекше ризашылықпен айтар еді. Қарапайым мінезді азаматтың кезінде өз мамандығының білгірі болғанын да тілге тиек етіп, оның азаматтық ажары турады әңгімелеп бағады. Айтса айтқандай-ақ, Тыныштық Аяпбергенұлының өзгелерге үлгі боларлықтай жақсы қасиеттері көп. Оның аймағымыздағы медицина саласын дамытуға қосқан үлесі де өз алдына үлкен бір тақырып.

Осыдан аттай 70 жыл бұрын Жетіқоңыр ауылындағы Апақай елді мекенінде дүние есігін ашқан бала Тыныштық мектеп табалдырығын аттаған соң зерек, зерделігімен көзге түсті. Орта мектепті бітірер жылы дәрігер боламындеген шешімге келген бозбала он жылдықты тәмамдасымен арман жетегімен Қарағанды медицина институтына құжаттарын тапсырды. Мемлекеттік емтиханды сәтті тапсырып студент атанды. Институтты бітірген соң арнаулы жолдамамен еңбек жолын Жезді ауданында қатардағы дәрігер болып бастаған ол аз уақыттан соң Жезқазғандағы медицина училищесіне мұғалімдік қызметке шақырылды. Жас маман училище әкімшілігінің сенімін ақтап, шамалы уақыттан соң бөлімше бастығы болып тағайындалды. Жезқазған өңіріндегі емдеу мекемелерінің орта буын медицина қызметкерлерін даярлауға осы оқу орынында еңбек ете жүріп, өзіндік қолтаңбасын қалдырды. 1972 жылы іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары жас жігіт Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен Жезді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық мекемесіне бас дәрігерлік қызметке жіберілді. Өзіне сеніп тапсырылған учаскеде білікті басшылық жасай білген Тыныштық Аяпбергенұлы осы лауазымда жиырма жыл бойы абыройлы қызмет атқарды. Кәсіби біліктілігі жоғары маман

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

еңбегіне сай маман жерлестерінің сый-құрметіне бөленді. 1992 жылы Жезді аудандық санаторий-профилакторийдің бас дәрігері қызметіне келген ол бұл жерде де өзіне тән ұйымдастырушылық жоғары кәбілетін таныта білді. Осы жылдар ішінде білікті маман, бірнеше дүркін жергілікті кеңестің депутаты болып сайланды, аудандық партия комитетінің штаттан тыс партиялық бақылау төрағасының орынбасары, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін қосымша атқарды. Оған қай қызметте жүрсе де жоғары азаматтық белсенділік тән болатын. Сол жылдары Жезді ауданындағы қоғамдық жұмыстардың қайнаған ортасынан Тыныштық Аяпбергенұлын жиі кездестіруге болатын. Тіпті, оның балаларымен бірге отбасылық ансамбль құрып, көркемөнерпаздардың аудандық байқауларында сан мәрте жүлделі орындарды жеңіп алғаны жерлестерінің әлі де есінде. Қоғамдық жұмыстармен қатар өз мамандығына қатысты қызметті де біліктілікпен атқара білген азамат бірнеше рет аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болып қатысты. Дәрігерлердің съезіне де сан рет делегат болып қатысқаны бар. 1997 жылы ол Жезқазған қаласындағы облыстық қарттар үйіне директордың орынбасары қызметіне ауысты. Күрделі де, қиындығы мол осы мекемеде де жемісті қызмет атқарған Тыныштық Аяпбергенұлы қарттар үйінің тұрғындарының көңілінен шығып, алғысқа бөленді. Осы жерден құрметті еңбек демалысына шықты.

Тыныштық Бексейітовтың отбасын халық, «дәрігерлер отбасы» деп атайды. Оның зайыбы Несібелді де-аймағымыздағы білікті дәрігерлердің бірі. Ресейдің Донецк қаласындағы медицина институтын бітірген соң Орал қаласында дәрігер болып қызмет атқарған ол Тыныштық Аяпбергенұлымен отбасын құрғаннан кейін көп жылдар Жезді ауданында ауданның бас дәрігері қызметін атқарды. Ерлі-зайыпты Бексейітовтердің екеуі де бірінші дәрежелі дәрігер, екеуі де КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, қос дәрігердің екеуінде де облыстық, республикалық денсаулық сақтау саласы басшыларының берілген Құрмет грамоталары жетерлік, Бексейітова Жезқазғандағы отбасылық дәрігерлік қауымдастығының төрайымы, Бексейітова отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының басшысы.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп халқымыз айтқандай осындай өнегелі ата-анадан тәлім-тәрбие алған үш баласының үшеуі де өмірден өз орнын тапқан, үшеуі де екі жоғарғы оқу орнын бітірген білікті мамандар, түрлі салада абыройлы қызмет атқарып, ата-анасын қуанышқа бөлеп жүр. Ұлдары – Азамат Астана қаласындағы Назарбаев университетіне қарасты транспорт департаментінің бастығы. Салтанаты ата-

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

анасының жолын қуып дәрігер болып шықты. Айнагүлі Жезқазғандағы «Казкоммерц» банкі филиалында заңгер. Үш баланың үшеуі де өз алдына отау тіккен.

Айтса айтқандай, адал еңбегінің, ақ пейілінің зейнетін көріп, жемісін татып отырған Бексейтовтар отбасы шынында да мақтауға тұрарлық. Берекелі шанырақтың тірегі, отағасы Тыныштық Аяпбергенұлы бүгін де 70 жасқа толып отыр. Ол зайыбы Несібелдімен бірге балаларының, немерелерінің қызығын қызықтап, тәуелсіз еліміздің керегесінің кең, терезесінің тең болуын тілеп, өз ұрпағын туған елге, жерге адал қызмет етуге баулуда. Балаларын бақытты санайтын азаматтың ұрпағы оның өнегесіне сай әке сенімін ақтайтыны анық.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қаражанова Гүлайым
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Жезқазған қаласы , Қарағанды облысы
Жетекшісі : Есенгабулова Гулнар Омарбековна

Жезқазғанын мысыр шаһарына айырбастамаған әнші

Жезді бойы жез далам,
Жер түбінен жезді алам,
Алтын қалам ,кең далам,
Сенен ұшқан айға адам

Жезқазғаннан айналам,- деп ҚР Еңбек сіңірген әртісі,әрі біздің ардақты да әкеміз Береке Көшеновтың мысты шаһар Жез қаламызды әнге қосып шырқап жүргеніне, міне, қырық екі жылдың жүзі де болыпты. Нүрәсия Бәрменбаеваның сөзіне жазылған Жақсыгелді Сейіловтың әуенімен әрленген «Жезқазған маршын» 2012 жылы туған жерім Бұқар жырау ауданына қарасты Ботақарада естігенде-ақ баурап алғанды.Ал ,сахна төрінде самайын аққырау бассадағы қимылы шапшаң,дауысы зор әншіге лық толы зал аяқтарынан тіу тұрып қошемет көрсеткенде, ішімнен «нағыз талант иесі»деп тамсанып,әрі көкірегімде бір мақтаныш сезімі болады.Біздің қаламызда осындай жақсы,әрі осындай дауыс иесінің бар екендігіне іштей қуанып отрамын.Сол кезде өнеріне тәнті болған Береке Көшеновпен жүздесіп,сұхбаттасу мен үшін үлкен бақыт болар еді.Ол кісіден бәрің өз аузынан естігім,білгім келеді.Өміріндегі сан-қилы оқиғаларды,бәрің өзінен білгім келіп,жүздесіп батасын алғым келеді.

Ол кісі Қазақстанның қай түпкірінде жүрмесің, Жезқазғанын жырлаудан талмайды.Береке әкенің мұнысы ерлікпен тең емеспе?! Ол мағынасы терең әндерді орындаудан қашпайды.Ол кісінің орындаған мейлі қандай әні болмасын үлкені мен жасынында жүректерің еріксіз тербетіп,дәл бір музыка әлеміне апарғандай сезімде боласың.

Береке Көшенов- ел ішінен шыққан тұңба дарын иесі.Ол-академияда білікті ұстаздардан емес, өмір сахнасынан дәріс алып, тыңдағанды көңілге тоқу, зеректікпен есте сақтау арқылы ән құдіретін бойына дарытқан саңлақтарымыздың бірі.Оның өз тағдырын әнге айналдырғанын да бойында ата қанының титтей де болсын үлесі бар деп есептейді қазақ халқы.Қойшының шаңырағында дүниеге келген Береке әкеміздың атасы Ертісбай суырып салма ақындығымен,серпілігімен ел аузында қалған.Сол елде өмір сүрген атышулы Сапалай салмен бірге жүріп,ел арасында ерекше өнерімен танылған деседі. Алайда, Береке Көшенов әкеміз дың әкесі Көшен мен насы Талжан баласының ата жолын қуып,оның қамшысын ұстауына

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қарсылық танытқан.Дегенмен,тума дарындық сірә,ешқашан өшпес.Бұған Берекедей әншінің өзі дәлел емеспе?!

Мектеп бітірген жылы әкесіне қолғабыс етіп,совхоздың қойын бақты. Сол жылы 100 саулықтан 98 қозы алып, әкесінің мерейін асырып тастайды.Үйіндегі үлкен кісілер ақылдаса отырып ,бәрі бір ауыздан Береке Көшеновтың мал дәрігер болғаны дұрыс деп шешеді. Айтылған сөзді атылған оқтай көретін жас жігіт 1968 жылы туған жері бұрынғы Карл Маркс кеншарынан жыраққа бөтен қалаға кетті.Студент атанған жылдары еш мойымастан ол алғашқы рет көпшілік алдына шығып,өзінің дарынды да және өнерлі әнші екенің көрсете алды. Сөйтіп , Қарқаралы Мәдениет үйі жанынан жаңадан құрылған «Салтанат» ән – би ансамблі құрамында әр түрлі әндер шырқап,жұртшылық ілтипатына бөленген болатын. Оның үлкен өнер жолындағы алғашқы қадамы да осы кезден басталған еді. «Салтанаттың» құрамында облысты аралап, өнер көрсете жүріп сахна өнеріне әбден төселіп алды. Үш жылдан соң Қарқаралы зоотехникумын бітіріп, әке арманын орындап қолына мал дәрігері дипломын алады. Сол жылы – ақ еңбекке араласып кетеді. Бірде сабантойда совхоздың қыз – жігіттері қатарында өнер көрсеткені сол – ақ еді ауданнан келген комсомол хатшысы, аудандық комитеттің идеология хатшысы бастаған топ Береке Көшеновтың өнеріне тәнті болады. Сөйтіп , Береке Көшенов үлкен өмірге , ән өмірге жолдама алып Жаңарқаның басына арман қуып келеді. Өз алдына еншісін алып, үйлі-баранды болады. 1974 жылдың жазында Жезқазғанда өткен облыстық конкурстан кейін обкомның идеология жөніндегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев: «Мал дәрігері табылса да, әншілер табылмайды» - деп , оны мысты өлкеге келуін мықтап тапсырады. Отбасында құдай қосқан Ұмсынай анамыз да : «Сенің өңеріне қиянат жасамаймын. Жезқазғанға көшсек, көшелік » ,-деп бір күннің ішінде бала – шағаны алып , дүркіреп тұрған облыс орталығына көшіп келеді.

« Шүкір , еш өкінбеймін. Жезқазған – менің ән өнерімнің туған жері » - дейді қазір алпыстың асқарына шыққан әнші. Шынымен, Жезқазған Береке Көшеновтың кәсіби әншілікке бетбұруына себепші болды. 1975 жылы облыстық филармония жанынан құрылған « Жезкиік » ансамбліне қабылданып, үлкен өнер жолында талай тарланмен иық теңестерді. Қазақстанның түпкір – түпкірін, алыс – жақынды шет елді аралап, тыңдаушысын сүйсіндірді. Әр әнің тындарманы жанына жалау , көңіліне медеу алатындай әсермен орындап, рухын шаттандыра білді. Әлі де өзінің сүйікті ісін жалғастырып келеді. Береке Көшенов барда « Жезкиік » пен тума талант , сыршыл сазгер Жақсыгелді Сейіловтің бейнесі өшпек емес. Жақсыгелдінің барлық шығармаларын түн ұйқысын бөлсең де жатқа білетін халықтың біртуар азаматы Береке Көшенов « Жезкиік »-ке жетекшілік етіп , Жақсыгелді Сейіловті еске алуға арналған «Кездесерміз , жүздесерміз біз дәйім » кешін өткізіп келеді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Гастрольдердің бірінде Әсет Бейсеуов пен Нұрғали Нүсіпжанов оның өнеріне , ән айту мәнеріне оң қабак танытып , оңтүстік астанаға ауысуға ұсыныс жасайды. Алайда , жүрегі « Жезқазғаным » деп соғатын Береке Көшенов Сарыарқаның кең даласын мегаполиске ауыстыруға пейілі соққан емес.

Әнші Береке Көшенов – бақытты әншілеріміздің бірі. Оның өнеріне бас иетін тыңдарманы бар, үнемі құшақ жая қарсы алатын қазақ халқы мен сахнасы бар. Ұшы – қиыры жоқ даласын әуелеп шарлаған әні бар. Міне , оның бар қазынасы осы.

Бүгінде Көшеновтер шаңырағының түтінін тұтатып отырған Береке әкеміз бен Ұмсынай анамыз екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ұлы Медет пен келіні Мартабадан өрбіген Сырым , Іңкәр , Сезім есімді ұрпақтың тәрбиесін тасада қалдырған емес.

Өмір бойы әсем әнді жанына серік еткен әнші Береке Көшеновтің ұзақ жылғы еңбегі жеміссіз емес. Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты , Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.Сондай ақ ол кісі « Ерен еңбегі үшін » медалімен марапатталған , облыс әкімінің « Алтын қобыз » сыйлығының иегері. Қазақ радиосының « Алтын қорына » оның әндері жазылды.

Ал , халық оны – Толағайдың етегінде , Кеңгірдің жағалауында , туған жердің сұлу табиғаты аясында әсемдікке, өнерге ғашық бола білген жанды қазақ өнерінің жанашыры деп таниды. Көмейіне бұлбұл ұя салған дарын Береке Көшенов « Ендігі жастар дәстүрлі өнерге жақындау болып , дәстүрлі әндерді көп орындаса шіркін! Дәстүрлі ән адамды жалықтырмайтын табиғи дүние ғой » , - деп армандайды. Қазақ халқы барда оның дәстүрлі әні өшпек емес , ал өзіңіздей туған қаласын Мысыр шаһарына айырбастамайтын тұрғыны барда Жезқазған ешқашан көштен қалмақ емес , Береке әке! Біз сізбен әрқашанда , әр жерде де мақта айта жүреміз.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кожаметов Ильяс

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі

Жетекшісі: Абылбаева Баян Алтынбековна

Жақсының жақсылығын айт

Биыл барша ақ ниетті адамзат баласы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығы мерекеледі. Қаң майданда ел қорғап мерт болған батырларды, Ұлы Жеңісті жақындату үшін өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен майдангерлерді еске алып, олардың ерлігіне тағзым етті. Біздің Теректі ауылының тұрғындары адамзаттың дұшпаны фашизмді тізе бүктірген Ұлы Жеңіс мерекесін ерекше бір тебіреніспен, толғаныспен атап өтті. Оның да себебі бар болатын. Дәл Жеңіс мерекесі қарсаңында ауылымыздың қақ ортасына ұлы Отан соғысына қатысқан теректілік майдангерлерге арналған ескерткіш қойылды. Ескерткіште Терекіден соғысқа аттанған, қан майданда ерлікпен шайқасқан 35 жауынгердің аты-жөні жазылып қойылған.

Осы ескерткіштің орнатылуына ұйытқы болған азамат Бекзат Үмбетов-Теректінің тумасы. Осы ауылда мектеп табалдырығын аттап Шолпан мұғалімнен әріп танып, бастауышты бітірген соң Жезқазған қаласындағы мектепте оқыды. Жезқазғанның педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдады. «Көз алдымызда өскен бала ғой, Бекзат кішкене кезінен елгезек, біреуге көмектесуге әзір тұратын. Әкесі Сейтжан мен анасы Бидаш ауылымыздың бетке ұстар, еңбекқор өнегелі адамдар болатын. Нағашы атасы Әли ақсақал адамгершілік өте жоғары, адамды өзіне тартып тұратын ашық-жарқын жан еді жарықтық. Жиені Бекзаттың көпшіл, елгезек, бауырмал, жақсылыққа құштар болып, әрдайым адамдарға көмектесуге әзір тұратын қалпын көргенде Әли ақсақал есімізге түседі» деп ауыл ақсақалдары айтады.

Өнегелі ата-ананың тәрбиесін көрген Бекзат Сейтжанұлы қазір Жомарт руднигінде еңбек етеді. Оның бойындағы бір жақсы қасиеті өзі қалада тұрса да қашан да туған ауылымен тығыз байланыста. Теректіге соғып, ауылдың тыныс-тіршілігімен етене таныс болып жүргені. Өткен жылдың соңында бір әңгімесінде «осы ауылдан соғысқа аттанған майдангерлерге ескерткіш белгі қойсақ» деген ойын айтып еді. Ақыры сол айтқанын жүзеге асырды. Өзі бас болып қалтасынан қаражатын шығарып, ауыл тұрғындарын ұйымдастырып, 9 Мамырға қарсы теректілік соғысқа қатысушылардың тізімі жазылған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ескерткішті орнатып қойды. 9 Мамырда ауылымызда осы іске орай үлкен жиын болып, бүгінде әр жерде еңбек етіп жүрген соғыс ардагерлерінің ұрпақтары жиналып, ескерткіш салтанатты жағдайда ашылды. Халықтың ризашылығында шек жоқ. Бекзат Сейтжанұлына алғыстарын айтып бақты.

Таяуда ғана Бекзат Сейтжанұлы тағы да бір жақсы іске мұрындық болды. Жезқазғандық суретшіге өз қаражатына жерлесіміз, композитор, әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жақсыкелді Сейіловтің портретін салдырып, ол портретті ауыл клубына сыйға тартты. Сол күні ауылымызға қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Тайжан Қалмағамбетов атындағы филормония әншілері келіп, клубымызда Жақсыкелді Сейіловты еске алу кеші өтті.

Осындай игі істерді көріп отырып ойлайсың, шіркін, бәрі азаматтар осы Бекзат әкеміздей туған ауылына қолдан келген көмегін жасаса, ауылдың қай-қайсысы болсын ажарланып шыға келер еді-ау деп. Біздің ауылдағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ескерткіші бүгінде майдангерлердің ұрпақтары келіп тағзым ететін орынға айналып отыр. Осының өзінен көп нәрсе аңғаруға болады ғой.

Бекзат Сейтжанұлының зайыбы Бөтакөз өзіне лайықты жан. Ерінің әр игілікті ісін қолдап, Теректі көркейе берсін деп Бекзатқа көмектесіп жүргені. Алтын асықтай ұл-қыз өсіріп отырған бақытты отбасы. Қызы тұрмыста, ұлы Айдос Астанада Қазақ технология, бизнес және көлік колледжінде оқиды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме. Әрдайым жақсылықтың жаршысы болып, өзі туған топырақтың көркейіп, гулденуіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей жәрдем жасауға асығып жүретін Бекзат Сейітжанұлы Үмбетовке деген ризашылығымыз үлкен. Оның әрдайым абырой биігінен көрінетініне сенеміз.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Нақышева Камила

Жезқазған гуманитарлық колледжі

Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы

Жетекшісі: Есенгабулова Гулнар Омарбековна

Қазақ қолөнерінің зерделі зергері

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 жыл, яғни ширек ғасыр толғалы отыр. Осы жылдар ішінде саяси жүйесі тұрақты, экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекетке айналдық. Еліміздің сайын даласы Сарыарқаның төріне көрікті де қабілетті, сәулетті Бейбітшілік шаһары Астана арқылы жаһандық әлемге жаңа Қазақстанды аштық. Мұндағы мақсат- Астана арқылы егеменді еліміздің қарышты даму қарқынын бүкіл әлемге паш ету. Бүгінгі Елордамыз Түркі әлемінің астанасына айналып отыр.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына өз үлесін қосып жатқан аға-әпкелеріміз қаншама. Солардың бірі әрі бірегейі- қолөнер саласының қыр-сырын меңгерген, шынайы шеберлігімен таныла білген өнер иесі, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, "Мәдениет қайраткері" белгісінің иегері, Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағатының №652 жеке тектік қор иесі, бүгінде ердің жасы 50-ді еңсеріп отырған, суретші-дизайнер Ерғазы Кеңесұлы Исатаев.

Ерғазы Исатаев 1966 жылы 13 желтоқсанда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, "Ақтау" кеңшарында дүниеге келген. 1972 жылы Ақтай поселкесінде мектепке барып, 1981 жылы сегіз жылдықты тәмамдаған. 1981-1984 жылдары Қаражал қаласындағы кәсіптік-техникалық училищесінде оқып, бұрғылаушы мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1984-1986 жылдары Ақтай карьерінде мамандығы бойынша жұмыс жасайды. 1986-1990 жылдары Алматыдағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесінде оқып, "Металл өңдеуден суретші-шебер" мамандығын игереді. 1990-1995 жылдары Қаражал қаласындағы өнер мектебінде "Қол өнері" үйірмесін ашып, шәкірттерін өнерге баулиды. 1996 жылдан Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық мұражайында суретші-калыпқа келтіруші мамандығы бойынша еңбек етіп келеді. Қажырлы еңбегімен таныла білген шебер 1998 жылы Қазақстан Республикасының Суретшілер одағына мүше болып қабылданады. "Жігітке жеті өнер де аз" демекші, Ерғазы Кеңесұлы 2001-2005 жылдары Алматы Қазақ мемлекеттік сәулет құрылыс академиясында оқып, "Дизайн-архитектор" мамандығын алып шығады. Өнер майталманы, қолөнердің шын жанашыры Ерғазы ағаның еңбегін елі бағалай білді. Суретші 2008 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Мәдениет қайраткері" белгісімен және Жезқазған тарихи-

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

археологиялық мұражайының 30 жылдығына арналған "Мұражай ісінің үздігі" мерекелік төсбелгісімен марапатталса, 2013 жылы Қарағанды облысы әкімінің "Алтын қобыз" сыйлығының лауреаты атанды. Осындай еңбегімен танылған ел ағасын қазақ қолөнерінің хас шебері деп қалай айтпасқа.

Е.Исатаевтың шығармашылығы сан қырлы, суретші ретінде де, қолданбалы өнер шебері ретінде де кез-келген материалмен (сүйекпен, түрлі-түсті металдармен, ағашпен, таспен) жоғары деңгейде жұмыс жасай алады. Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының экспозицияларында оның "Қазақ хандығы", "Қола замандағы әшекей бұйымдар", "Ас үй жабдықтары", "Алтын адам" әшекей үлгісінің көріністері, қазақ әйелдерінің әшекей бұйымдары 80-ге тарта қолөнер туындылары жәдігер ретінде қойылған. Сондай-ақ, мұндай жәдігерлерді Қ.И.Сәтбаев атындағы "Қазақмыс" мұражайынан Ұлытау ауданының, Қарағанды облысының, республика қалаларының өлкетану және бейнелеу мұражайлар қорынан да көруге болады.

Е.Исатаев қолданбалы өнердің талантты шебері, халықтың кәсіби өнерін жинақтаушы әрі насихаттаушы ретінде республикаға танымал. Ол өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық көрмелердің төрінен жиі көрінеді. Оның Алматыда Ә.Қастеев атындағы мұражайда (1997 ж.), Астанада Л.Гумилев атындағы Евразия университетінде (1999 ж.), Жезқазған, Қарағанды (2000 ж., 2003 ж.), Түркістанның 1500 жылдық тойына орай Түркістан қаласында (2000 ж.), Ресейде (2005 ж.), өткен жеке көрмелері жоғары бағаға ие болған. 1993 жылы Францияның Тулуза қаласында өткізілген Халықаралық кәсіби қолданбалы өнер көрмесіне қатысып, халық өнерін тағы бір танытып қайтқан. 1993 жылы Президент Н.Назарбаев Ұлытауға келген сапарында алтын қолды шебердің қолынан шыққан ер-тұрман Елбасыға кәдесыйға тартылды. 2008 жылы еліміздің Тәуелсіздігі күніне және Қазақстан мен Кувейт мемлекеттерінің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнатылғанына 15 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Қазақстанның күндері" сапарына байланысты қазақтың мәдениеті мен өнерін көрсету үшін Қазақстан Республикасы делегациясының құрамында Кувейт мемлекетінде болып, көрмеге қатысқан, ал, 2010 жылы Стамбулда өзінің жеке көрмесін өткізеді. 2012 жылы Оман елінің (Султанат) астанасы Маскат қаласында жыл сайынғы өткізілетін дәстүрлі қолөнер шеберлерінің дүниежүзілік көрмесіне Дүниежүзілік ислам мәдениеті орталығының шақыртуымен Халықаралық фестивальге қатысып, қазақ өнерінің қасиетін тағы бір танытты. 1990 жылы Қазақ КСР Халық шаруашылығының жеткен жетістіктері үшін ұйымдастырылған көрмесінде Республикалық комитеттің I дәрежелі дипломымен, 2000 жылы "Қолданбалы өнердің үздік суретшісі" номинациясында Жезқазған қаласы әкімінің дипломымен, 2003 жылы мәдениет бөлімінің, 2005 жылы облыс әкімінің дипломымен, облыстық мәдениет департаментінің "Ең үздік суретші"

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

дипломдарымен марапатталған. 2008 жылы Қарағанды облысының мәдениет басқармасының және Кувейт мемлекеті елшісінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Е.Исатаев 2014 жылдан мұрағаттағы №652 жеке тектік қор иесі. Мұнда қор жинақтаушының қолөнер туындыларының суреттері, жеке құжаттары, марапаттары, сертификаттары, куәліктері, қолөнер шеберлерінің өнер туындыларына арналған көрмелердің бағдарламалары, фотоқұжаттары, сондай-ақ, қор иесі жайында "Егемен Қазақстан", "Орталық Қазақстан", "Индустриальная Караганда", "Сарыарқа", "Мысты өңір", "Жезказганская газета", "Подробности" газеттерінде жарияланған мақалалар сақталған.

Жақында Жездідегі Мәкен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында зергер шебердің шығармашылық көрмелері өтіп, қойылған темірден, ағаштан, теріден және тағы басқа шикізаттан жасалған қолөнер бұйымдары және кәдесыйлар келушілердің көңілінен шықты. Сондай-ақ, "Ұлытау" қорық-мұражайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған Ерғазы Исатаевтың шығармашылық көрмесі өткізілуде. Көрмеде шебердің қолымен жасалған қолөнер туындылары көрсетілуде. Атап айтар болсақ, қазақтың ұлттық этнографиялық-тұрмыстық бұйымдар- белдік, қапсырма, қару түрлері, сандық, батыр сауыты және тағы басқалар.

Шебер ағамыздың қолымен қорық-мұражайдың ең құнды, көне этнографиялық жәдігерлері қайта қалпына келтіріліп, жақында ашылған экспозицияға қойылды. Әріптестері атынан шебердің 50 жасқа толуына арналып буклет жарық көрді.

Жаһандануға бет бұрған заманда ұлттық қолөнер кенжелеп барады. Сондықтан да, еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келе жатқан ұлттық өнерінің тегін тектеп, болмысын тану, оны адамзат тіршілігінің рухани көшкеруеніне ілестіріп отыру- өмір талабы. Иә, уақыт шіркін бір орында тұрмайды. Ендігі парыз- қолөнер шеберлерінің еңбектерін көпке үлгі ете отырып, ел арасында ұмытылмай жалғасын тапсын десек, ұлттық өнердің хас шеберлерін тәрбиелейтін бір мектеп болса дейміз. Адам ұрпағымен мың жасайды демекші, қастерлі өнер иелері ұлт құндылықтарын ұлықтай білетін ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп, сара жолын қалыптастыра, нұр үстіне нұр болар еді.

"Болашақ-жастардың қолында" демекші, мен де Ерғазы ағадан үлгі алып, еліміздің одан әрі дамып, нығаюына өз үлесімді қосатыныма сенемін.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Танирбергенава Аружан
9-сынып, «Жамбыл Ақылбаев атындағы
эксперименталдық мектеп гимназия» КММ,
Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы мекені
Жетекші: Болкенбаева Айгерим Даулетияровна

Егеменді елдің болашағы жарқын

Тарих – өткен өмір, өзгертуге, бұрмалауға келмейтін халық басынан өткерген ғасырлар, жылдар, айлар, күндер. Қуанышы мен қайғысы, жеңісі мен жеңілісі, азабы мен ғажабы кезек келген, бірімен-бірі тіресіп өткен өмір. Бұл–қай халыққа болса да тән нәрсе. Міне, осындай арпалыс асулар біздің халықты да құр алақан қалдырмады деуге болады.

Ақтабан шұбырындыдан қалған сөз тарихтың жүрегін сыздатады. Ал «Ұлы Империяның» 200 жыл алдап-арбап жүргізген зымиян саясатының залалы әлі күнге дейін жанымызды жүдетеді. Ана тіліміз тұсауланып, төл ұлттық мәдениетіміз махрұм қалды. Одан кейін 32-нің зобалаңы, 37-нің зұматы қазақтың қара шаңырағын шайқалтып кетті. Сұрқия саясат өз жерінде қазақты құрбандыққа шалды емес пе? Опасыз жалған «қазақты қайтсем ұшпаққа жеткізім» деген Ахмет, Әлихан, Мағжан, Смағұл, Міржақып, Шәкәрімдей қазақ оқығандарын опат қылды. Екінші мәрте жүргізілген 1953 жылғы қуғын-сүргін тарихымызды тамсандыра жазған тарихшыларымызды тәрк етті. Үшінші қанды шеңгел 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін жүргізіліп, қазақ жастарын індете қуып, қырғынға ұшыратты. Мұның бәрі – тәуелсіздік үшін жүргізілген қастерлі, ұлы күрестің көкжиегі. 1986 жылы әділдік іздеп шырылдаған қазақ жастары кеңес кеңістігінің қабырғасын қақыратып, талай жылғы таңын бұзды. Қазақтың намысын жыртып, дербестік үшін батыл іске барған аға-апаларымыз кеңестік жүйенің жүйкесін жұқартып, соңғы демін шығарды. Осындай қырғын, қанды шайқас тарихымызға мәңгі өшпестей із қалдырды.

Дегенмен, Аллаға шүкір! Тағдыр үнемі сыртын бере бермейді екен. Сексенінші жылдардың соңындағы демократиялық өзгерістер мен тоқсаныншы жылдардың басындағы «қызыл империяның» күйреуі республикамыздың тәуелсіздік алуына жол ашты.

... Иншалла! Қазақ – тәуелсіз. Жүздеген жылдардан бері қазақтың қан жылаған жүрегіндегі сары майдай сақталған үлбіреген үміт, асқақ арман ақталды. Азаттық деп түн баласы тамағына тығылған өксік өкініштің еміс, шексіз қуаныштың жасына айналды.

Қазақ жылады. Қуаныштан жылады. Бір кездері кеудені кернеген кек пен ел еркіндігі үшін жыласа, бұл жолы тәуелсіздікке тәу етті. Ұлы далаға Ұлы Рух қайтып оралды!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік деген не? Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, салт-сананың мызғымас тірегі, азаттықтың алтын дінгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Егемендік – қазақ жерін мекендейтін жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың ортақ қуанышы.

Егемендік бізге не берді? Не әперді? Осы мерзім ішінде жеткен жетістігіміз бен тіршіліктен көрген теке тіресіміз де аз емес.

Тәуелсіз ел болып, ең алдымен, тізгінді өзгенің емес, өзіміздің қолымызға алдық. Халық тағдыр талайын бірінші ерен еңбегі мен үлкен үмітіне, екінші – тұңғыш ақ киізге отырғызып хан көтерген Нұрсұлтан Назарбаев ағамызға тапсырды. Жұмыр жерде әрбір тәуелсіз ел қастерлеп, құрметтейтін, мақтан етіп, асқақ ұстайтын рәміздеріміз бар. Олар: әнұранымыз, елтаңбамыз, көк байрағымыз.

Еліміз 1995 жылы Ата Заңымызды қабылдады және БҰҰ-ға мүше болды. Елбасшысының Қазақстанның 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясы ұсынылды. Бұл маңызды оқиғалардың барлығы дамудың жаңа жолына бағыт алған халқымызды дүр сілкіндіргендей әсер қалдырды. Бұдан басқа да саясатқа тұнып тұрған Жолдауларын халық қолдап, қолпаштауда. Басымызда бостандық бар жерде басты тірегіміз – дінімізге қайта оралып, имандылық жолына түстік. Ұмытылып кеткен дәстүрлеріміздің бірі – «Наурыз тойы» қайта жаңғырды. Еліміздің түпкір-түпкірінде ақындар айтысы дәстүрлі түрде жалғасын табуда. Ежелден бергі салт-дәстүріміз қайта қолға алынып, ұлы хандар мен билер, батырлар рухын дәріптеп, болашақ ұрпаққа таныстыру басталды. Дара тұлға данышпандарымыздың торқалы тойын ЮНЕСКО бас болып, бүкіл әлем тойлайтын дәрежеге жеттік. Бұл – елдігіміздің көрінісі, тәуелсіздігіміздің жемісі. Әлем әдебиетінен ойып орын алған дана Абай мен дара Мұхтардың тойының өзі неге тұрады!? Қасиетті мекен, екінші Мекке атанған Түркістан даңқы ше? Әлемді, бүкіл дүние назарын өзіне аударды, аузына қаратты.

Отанымыздың жүрегі – Астанада әлемдік деңгейге сай талаппен зәулім сарайлар салынып, қазақтың мәрттігін әлемге әйгілеп тұр. Ел-ананың ақ сүтін еміп, төсінде еркелеп өскен ұл-қыздарымыз қазақтың қайсар, қайратты рухын ғаламшарға талантымен, талабымен паш етуде. Бұл – зор қуаныш.

Бұл жылдарда мемлекеттік тілдің мүмкіндігін молайту тұрғысында да қыруар шаруа атқарылып келеді. Жұрты үшін жүрегін де жұлып беретін балалары бар кезде күрмеуі қиын болып тұрған қазақ тілінің де тұғыры енді төмен болмас. Имандылыққа үйір ел дінінің де дінгегін дірілдетпес. Сонымен қатар 1993 жылы ұлттық валютамызды енгізді. Ол – теңге.

Әлемдік олимпиадаларда спорт тарландары да байрағымызды желбіретіп, көкке көтеріп қайтады. Осындай мұздыбалақ балуандар тұрғанда, біздің қанжығамыз сайыстардан бос қайтпайды. «ЭКСПО-2017-нің» Қазақстанда өтетіні – үлкен абырой емес пе?

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Егемендіктің ертеңі – келешек ұрпақ. Егер жастардың дені сау, жаны таза болса, ел бірлігі одан әрі нығайып, республикамыздың өсіп-өркендеуі, гүлденуі жалғасады. «Ынтымақ, ел бірлігі бір қосылса, саз балшық сары алтынға боялады» демекші, ел болып, жұрт болып бас қосып, саралауымыз керек. Сонда ғана тәуелсіздігіміз баянды болмақ!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тасмұратова Томирис
9-сынып, № 13 жалпы білім беретін мектеп
Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ақтас кенті
Жетекшісі: Мардашева Эльмира Маулетовна

Адал еңбектің иесі

Жаз. Жайдарлы әсем жаз. Осы мезгілді мен асыға күтемін, себебі айнала көгеріп, шөптің исі аңқып, гүлдер жайқалып, ағаштар жасыл желекке айналатын шақ. Мен үшін жаз мезгілі демалыс, ауылдың таза ауасы, самал жел, әжемнің аялы алақаны, ыстық бауырсағы мен ертегілері.

Осы жаз мен үшін бір ерекше мезгіл болды, себебі 8-сыныпты ойдағыдай аяқтап, алғашқы рет ешкімнің жетегіне ермей, өзім әжеме ауылға келе жатырмын.

Менің әжем Еңбек Ері. Соғыс басталғанда небәрі 17 жаста екен. Соғыс уақытында ауыл аймақта ерлер соғысқа аттанғанда, маңайдағы қыз-келіншектердің басын қосып, өзі бригадир болып, қырмандағы астықты жауын-шашында қалдырмай ысырапсыз жинап, соғыстағы солдаттарға азық дайындау үшін қоймаға жөнелтіп отырған. Тұрмысы ауыр отбасыларына асарлатып көмектесіп сонау сұрапыл жылдары азаматын жоқтатпай көмек те беріп отырған. Тіпті, трактор жүргізетін адам болмағандықтан, темір тұлпардың тізгінін ұстауға да тура келді деп, өзінің трактор жүргізушісі болғанын да әңгіме қылып айтып отырады. Батырлар ұрпағының ауылы», - деп отырады әжем.

Бұл ауылды еңбектің қайнар көзі десе де болады. Шөп шапқан тракторшылар, егін шауып, астық жинаған комбайыншылар, астық тазалаған қырманшылар, малды өріске айдаған малшылар, оқуын еңбекпен ұштастырған жастар. Бәрі-бәрі осында.

Әжемді барлық ауыл адамдары мақтан тұтады. Үлкендер ақ апа десе, балалар ақ әже деп амандасып жатады. Ол кең иықты, бойшаң адам. Киіміне қарасаң бір мін таппайсың. Үстіне киген көйлегі мен бешпенті әрдайым өзіне жарасып тұрады. Басындағы ақ кимешегі тазалықтың белгісіндей аппақ, оған жылы, шырайлы жүзін қосыңыз. Жуан білегі мен саусақтарына таққан күміс білезігі мен жүзігі одан сайын құлпыртып жібергендей. Осыдан кейін ақ әже деп қалай айтпайсың.

Міне, аялдамадан түсіп шапшаң басып келемін. Үй алдында отырған әжемді көріп жүгіре жөнелдім. Жүзі қартаң тартқанмен, мейірімді жүзін бере қоймаған. Алыстан мені көре сала ботам, құлыным- деп айналып, толғанып жатыр.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Әжем өте әңгімешіл адам. Барлық ертегі мен әңгімелері еңбек туралы болады. Әжемнің «Еңбекқор құмырсқа», «Ақылды тышқан», «Жалқау түлкі» атты әңгімелері әлі күнге дейін менің жадымда.

- Апа, сіздің әңгімеңіз неге еңбек туралы болады?, - деп сұрасам

- Балам, «Еңбек түбі - береке», «Еңбек етсең ешкімнен кем болмайсың!», - деп жауап беретін. Сендер бақытты балаларсыңдар, себебі сендер Тәуелсіз елдің ұл-қыздарысыңдар деп отырады.

Жазда ауылда бақшадағы көкөністерді суарып, қозы, лақтарды көгалға апарып бағып өзенге шомылып қайтамыз. Ауланы сыпырып, ағаш жарып, даладағы пешті жағып көмектесеміз. Әжем құрт қайнатып, сүзетін де, ертеңгі күні құртты іс қылып алайық деп бізге жайғызатын. Әжемнің бір қасиеті жұмысты тиянақты, шапшаң істеуді талап ететін. Құртты саусақпен сырғытып алып, алақанға салып жайлап дөңгелетіп, жазық тақтайдың үстіне қатарлап қоямыз. Әжем бізді жігерлендіріп, кімнің құрты әдемі шығады екен,-деп қояды. Біз одан сайын беріле жасайтынбыз.Таңертеңгі жұмыс қолжуғышқа су құйып, самаурынды қайнатудан басталады. Осы жұмыстың бәрін бізге әжеміз үйретті. Әжем тұрғанша осы жұмысты тындырып қоямын. Ол кезде әжем балаша қуанатын. Әжемнің осы қуанышын көру мен үшін зор бақыт.

Ауылдан қайтарда әжем мені қимай, мен оны қимай қоштасамыз. Әжемнің батасын алып, еріксіз жолға аттанасың. Мен қалада туып өсsem де ауылды, ақ әжемді сағынамын. Әжем сияқты адал еңбектің иесі болғым келеді. Мектепті аяқтап, әжем сияқты ауылда еңбек етsem деймін. Сол арманымның орындалатынына сенімдімін.

Мен осындай адал еңбектің иесі-ақ әжемнің немересі болғанымды және Тәуелсіз елдің ұланы екенімді мақтан тұтамын, қуанамын. Еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығын озат оқумен, яғни адал еңбекпен қарсы алып отырмын. Мені еңбекқор, адал етіп тәрбиелеген әжеме мың алғыс! Асылдың көзі, дариям –ол менің ақ әжем.

Мен өз елімнің жанашырымын, сенімен ғана мақтанамын!

Мерекеңмен Отаным! Жаса, жасай бер жас елім! Жаса, Қазақстан!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Уалиева Гүлшарбан
Жезқазған гуманитарлық колледжі
Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы
Жетекшісі: Есенгабулова Гүльнар Омарбековна

Тағдыр талқысы

«Депортация» саясатынан сонау 37-жылдары он жастағы Владимир Ким бейхабар болатын. Солтүстік Ресейдің Приморск облысындағы Посетъск ауданына қарасты Тальми селосының балалары үлкендерден поезбен ұзақ сапарға шығатындарын естіп естері шыға қуанған. Олар аталары мен әкелерінің сақал-мұрты неге ағарғандағын, шешелерінің көз жасы неліктен тоқтаусыз аға бергендігін түсінген жоқ сол кезде. Тек, жолға шыққанда ғана мыңдаған отандастары үшін қауіпті де қиын сынақтардың алдыда екендігін аңғарғандай болды.

1927 жылы Солтүстік Қиыр Шығыста дүниеге келген бала Хаббем (кәрісше аты) Кеңес Одағы мен Солтүстік Корея арасындағы шекараны бөліп жатқан Туман өзенінің бойында өскен. Құғынның қанды құрығына алғаш ілінгендер де осы Қиыр Шығыстағы кәрістер еді. «Күштеп көшіру» саясаты белең алған сол бір сұрқия жылдары бвр болғаны төртінші сыныпта оқитын. Ұстаздық еткен ата-анасының тәрбиесімен алғарлық танытып, алты жасында мектеп табалдырығын аттапты.

Оқу жылының басталған кезі. Бір аптадан кейін «Көшесіндер» деген бұйрық келді. Отбасында алты ағайындымыз. Әкем тұтқында, «Халық жауы» атанған. Сөйтіп, анам балаларымен жолға шықты. Әкем Ихин көзі ашық, оқымысты адам болған. 1919 жылдары жапондық басқыншыларға қарсы шығып, социалистік қоғам құруда белсенділік танытты. Әкем Кеңес Одағына өткеннен кейін жапондардан жасырыну үшін тегін де өзгерткен.

Қайғы-қасірет і мен көрген кемсітушілік шарықтау шегіне жеткен кәрістер Қазақстанға ай жарым жүріп, әзер жетеді. «Бізді мал секілді тауар таситын вагонға тоғыта салды. Талай адамдар жолда жер жастанды. Бірге туғандар бір-бірінен көз жазып қалып, зар еңіреді. Азық-түлік, су жетіспегендіктен жаппай ауруға ұшырадық. Аурудан әсіресе, балалар көз жұмып жатты», - деп күрсінді Хаббем атай.

Көп адамдар келмеске аттанды. Жаздың аптабы мен қыстың қытымыр аязы жеңіл тиген жоқ. Қысталаң шақта қазақ халқы көмек қолын созды. Олардың қонақжайлығы мен қайырымдылығы арқасында жер ауған ел есін жинап, өздеріне тән еңбекқорлықпен тұрмысын түзеуге талаптанды. Бірінші қыстан әрең шығып, көктем келе сол кездегі колхоздар мен совхоздарды ұйымдастыру ісіне белсене араласып, тиесілі жер үлесіне ие болды. Азапты жолдың шегі осылайша аяқталды.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Владимир Елисеевич Ким бала күнінде өнер адамы болуды армандапты. Ол арманы жүзеге асу үшін білім алуы керек еді. Басында Қызылорда облысының Шиелі ауданына қоныстанып, өзі қатарлы балалармен бірге көп ұзамай мектепке барды. Арада жыл өткеннен кейін Үштөбе қаласына тағы да жер аударылады. Оның себебі күріш егетін жердің жетіспеуіне байланысты болатын.

Соғыс жылдары жетінші сынып бітіргеннен кейін сүт фермасында бес жыл бақташы болып жұмыс істеді. Ағасы жоғарғы оқу бітірісімен бірден Алматы облысына қарасты Талғардағы ауылшаруашылық техникумына оқуға түсіп, агроном мамандығын алып шықты.

Владимир Ким Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне келді. Ол содан бері көркемөнерпаздар ансамбліне жетекшілік етті. Қалалық, облыстық, республикалық фестивальдардың жеңімпазы атанып, бірнеше мәрте марапатқа ие болды. Өз ісінің шебері бойындағы дарының жұмыс барысында жан-жақты көрсете білді. Қазір бар арман-мақсатын қызына мұра еткен жайы бар. Валентина әкесінің ұлағатты жолын мақтанышпен жалғастыруда.

Жезқазғанға 1983 жылы қоныс аударып Жезқазған, Сәтбаев қалаларында, Талап селосындағы өнер ұжымдарында бірнеше жыл талмай еңбек етіп, корей ұлттық ансамблін құрып, кәріс тілінен сыныптар, Қазақстандағы Корей Ассоциациясының Жезқазғандағы филиалын, мәдениет орталығын ашуға, оның жұмысын жандандыруға белсене атсалысты.

2012 жыл корей диаспорасы үшін маңызды жыл. Қыркүйек айында корей ұлтының Қазақстанда мекен еткенінің 75 жылдығы салтанатты түрде аталынбақшы. Ал, Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның достық қарым-қатынасына 20 жыл және Алматыдағы Корей республикалық театрына 80 жыл толып отыр. Қазан айында осы атаулы күндерге байланысты республикалық өнер фестивалі өтеді. Демеуші табылса Жезқазғандағы корей орталығының өнерпаздары осы айтулы мерекеге қатысуды жоспарлауда.

Бұл күнде бақилық болған зайыбы, украин қызы Нина Васильевнадан үш бала сүйген Хаббем атай бірнеше немеренің, үш шөберенің атасы. Сексеннің бесеуіне келсе де жүрісі ширақ, сөзі мығым. Таныстары тандана қарайды. Оның себебін жиі жаяу жүретіндігімен байланыстырады. 2004 жылы «Қазақмыс» корпорациясы сыйлаған төрт бөлмелі үйінің төңірегі бау-бақшаға оранған. Агрономдық мамандықтың осы ретте пайдасы тиді. Бос уақытында бақшасынан шықпайтын Хаббем атай жеміс-жидектің түр-түрін күтіп, баптайды. Сөйтіп жүріп, әуелетіп ән салғанды ұнатады.

Өнімдердің қызығын бала-шаға көреді. Онан қалса, көршілерім, сыйлас жандарға беріп жіберемін. Мен өте бақытты адаммын. Осы күнге жеткеніме, бейбіт өмірді көргеніме қуанамын. Өз жеріме шақырту да алдым. Бірақ, менің Отаным- Қазақстан. Мен бұл жерді, елді тастап ешқайда кетпек емеспін. Балаларыма да осыны өсиет етемін. Достарымнан, бірге

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

оқығандардың көбінен айрылып қалдым. Көзкөргендердің біреуі іздеп келсе деп армандаймын кейде. Отызыншы жылдардың нәубетіне ұрынып, қуғын-сүргіннен зардап шеккендерді майданда сұрапыл соғыс жүріп жатқан кездің өзінде ауыл мен қаланың қамкөңіл қазақтары кең құшағына алды. Өз басындағы ауыртпалыққа қарамастан жүрегі жомарт, пейілі дархан қазақтар біздің қайғымызды жан жылуымен ғана емес, өлшеусіз жәрдемімен де жеңілдетті. Бір нанды бөле жеді. Қазақ халқына мың алғыс. Осы жылы Қазақстандағы Корей Ассоциациясының ұйымдастырумен қазақ халқына деген шексіз құрмет ретінде ескерткіш тас орнатылмақшы. Ол Қазақ еліне деген ризалығымыздың, достығымыздың белгісі болмақ, - дейді арманына жеткен тыл ардагері Владимир Елисеевич.

Осы тарихи зұлматта өмірі қиылған, сондай-ақ бастан кешкен қасіреті өле-өлгенше санасында жаңғырып, сол қорқынышты шындықты бізге жеткізген, азап көрсе де, аман қалу бақытына ие болған жандардың қай-қайсысы да біз үшін ерекше қымбат, айрықша қастерлі. Олар ұрпақ санасында мәңгі өмір сүреді. Біздер өткен тарихтың бетіне енді ғана тіке қарап, өмірден өкінішпен өткен, артында тек цифр жазылған тақтайша ғана қалған иесіз, атаусыз молаларды еске алуға ғана қол жеткіздік. Жазықсыз жапа шеккендерді әрдайым еске алып, рухына бас ию – кейінгі ұрпақ – біздердің қасиетті борышымыз.

Жезқазған қаласында өзінің өнер жолын әрі қарай дамытып корей халқының мәдениетін біздің қаламызда насихаттап жүр. Біздің елдің тумасы болмаса да біздің қаламыздың мәдениетінің дамуына өз үлесін қосқан Владимир Кимге алғысымыз шексіз. Осындай жандар қаламызда көп болса екен деймін. Владимир Кимді мақтан тұтамын.

Шапибай Назерке
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы
К.Байсейітова атындағы ЖББОМ
7 сынып оқушысы

Тәуелсіздік тұғырым

Тәуелсіздік! Осы бір қасиетті сөздерді естігенде адам баласының тұла бойы шымырлап, жүрегі лүпілдеп соға беретіні анық. Тәуелсіздік ұғымы «Халық», «Ел», «Жер» ұғымдарымен терең байланысып жатыр.

Ал, Отансүйгіштік деген не? Отансүйгіштік –жүрегін, рухын, жігерін кіндік қаны тамған жерге мәңгілікке бағыштау. Иә мәңгілікке. Отанды өмір өмір бойы сүйіп өтеміз. Көлеңкелі жақтары болса, сол кемшіліктерді жоюға, одан әрі көркейтуге ат салысасың. Қазақстан-біздің қазақ халқының, туып – өскен қасиетті кең-байтақ өлкеміз. Қазақстан- қуатты да, берік, бостандықты жақсы көретін, керегесі кең, аспаны ашық мемлекет.Әр Қазақстан азаматы, айрықша есте сақтайтын және онымен мақтанатын күн-ол Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алған күні. Сөз жоқ,Қазақстан халқы үшін ұлы күн болмақ.Бұл- қажымас қажырлық пен еліміздің бірлігінің жемісі. Қазіргі таңдағы еліміздің дербес, тәуелсіз, толыққанды ел болуы- халқымыздың ертеден бергі армандаған еркіндік үшін күресінің нәтижесі. Отан деп соққан әрбір қазақтың жүрегінің дүрсілі деп ойлаймын.Әр адамның жүрегі «Отаным», «Елім», «Халқым», «Тілім», «Ділім», «Салтым-Дәстүрім» деп соғып тұрса игі! Отан үшін еш нәрседен аянбаса,еңбегін аямаса,оны жүрегінде аяласа, оның көлеңкесін саяласа- сол ұрпақ бақытты . Талай-талай қан тамған.... деп ақын жырлағандай қазақ халқы ұлан байтақ қазақ жері үшін қиын да ауыр жолды бастан кешірді. Еркіндік пен теңдік, егемендік пен тәуелсіздік қай халық үшін де ежелден аса қадірлі ұғымдар.

Иә,бұл бақыт бізге оңай келген жоқ.Бұл-азаматтықты аңсаған өр жүректі, сом тұлғалы ерлеріміз етікпенен су кешіп, аузымен құс тістеген азаматтарымыз ауыздықпен су кешіп, түн ұйқысы бөлініп, қабырғасы сөгіліп, алапат аласапыран шақтарды өткеріп барып келген- тағдырлы Тәуелсіздік.

Бұл –тал бесіктегі сәбидің бал күлкісі, ат жалын тартып мінер бозбала, бойжеткеннің жалынды жігер, шат шадыман шағын, ақ жаулықты аналардың тап-таза ниетін, аузы дуалы қариялардың ақ батасын желге

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ұшырып, зая кетірмей, жат қолында арам пиғылдың құрбандығына бермеген-тамырлы Тәуелсіздік.Қазақ елі мен қазіргі тәуелсіз қазақстан халқы аспаннан түскен жоқ және ата-тегін білмейтін мәңгүрт емес.Мемлекетіміздің, халқымыздың терең ежелгі тарихы бар.

Нұрсұлтан Назарбаев,Қазақстан Республикасының президенті:«Қазақстанның тәуелсіздігі деген өте қасиетті ұғым.Бабалардың аңсағаны біздің буынның бақытына келді. Оны сақтау бәріміздің парызымыз. Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды,қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады». Дәл бүгінгідей сол кезеңде әлемге танылмаған шығар.Ең маңыздысы, сол кезде оған негізі қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз.

Талай тарих беттерін парақтай отырып тәуелсіздік жолындағы күрестің оңайлықпен келмегенін білеміз. Бертін келе қазақтың санасын сілкінткен Желтоқсан оқиғасы болды. Ресей империясының үстемдік саясаты шектен шығып бара жатқан кез еді. Қазақтың жері талауға түсті, ядролық сынақтар алаңына айналды, ділі мен діні қолдаусыз, қорғаусыз қалды.Міне , осындай кезде еліміздің жас Қайраты ұрандап алаңға шықты,теңдікті талап етті, әділдікті іздеді.Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз бен Ләззаттай апаларымыздың ерлік істерін ұмытуға болмайды.Халқымыз аңсаған Тәуелсіздік таңы арайланып атты. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады және ғасырлар бойы күткен армандары орындалып,ұмыт бола бастаған тілін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, тәуелсіздік туын биікке көтерді.1991 жылы егеменді ел атандық. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көшбасшымыз болды.Бүгінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатқан біз-бақытты ұрпақпыз. Ешнәрсе оңайшылықпен келмейтінін түсінеміз. Сондықтан да тәуелсіздігімізді бағалап, тарихымызды ұмытпауымыз керек.Сөзімді

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елбасымыздың келелі ойымен қорытындылағым келеді: «Мәңгілік ел- ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын , әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану. Ол арман- тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық»

Бақытымыз да, байлығымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігісізді көздің қарашығындай сақтай білу- біз бен сізге Мәңгілік аманат.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Шрейдер Яна

**9 сынып, П.Корниенко атындағы қосымша білім беретін мектеп –
орталығы КММ, Топар кенті Қарағанды облысы
Жетекшісі: Зейтова Анар Амантаевна**

Мен Қазақстандықпын!

Мен туғанымнан бастап он бес жыл бойы Қазақстанның жерінде өмір сүремін.

Қазақстаным – менің сүйікті, қымбатты да байтақ елім. Қазақстан – менің Отаным. Ұлы ақындар мен ғұламалар өз шығармаларында Қазақстанның әдемі жерін, керемет байлығын, көркем тілін суреттеген. Менің елімде он алты миллионнан астам халық тұрады, оның ішінде жүзден астам ұлт өкілдері тату - тәтті өмір сүреді. Біз әр түрлі ұлт өкілдері болсақ та, бізді біріктіретін бір атау – біз Қазақ еліміз!

Қазақстан тәуелсіздік алғанына жиырма бесінші жыл ғана болса да, осы аз уақытта менің елім өз Тәуелсіздігін әлемге танытты. Мемлекетіміздің өз мемлекеттік тілі, елтаңбасы, әнұраны, туы, теңгесі бар. Қазақ тілі – көркем, мағыналы тіл. Ол – ұлы Абайдың тілі. Оны білу ғана емес, оны жаңынмен, жүрегіңмен сезіну керек.

Мен - қазақстандықпын. Халық өзінің тілін ең ардақты нәрсе деп санайды, сүйеді. Тілін сүймеген адам - халқын сүйіп те жарытпас. Қазақстанда туып-өскен кейбір халық өкілдері ішінде қазақ тілін ана тілім деп есептейтіндер де бар. Мен өзім неміспін, бірақ мен қазақ тілін мектепте оқып, үйреніп жүрмін. Осы тілді өте жақсы білгім келеді. Қазақ тілі маған өте ұнайды, өйткені ол өте бай және әдемі тіл.

Қазіргі кезде бізге – жастарға біздің Елбасымыздың арқасында көп жағдай жасалған.

Менің мақсатым – өз еліме алған білімімді, күшімді салып, өз елімнің нағыз патриоты болу.